

**SVEN**®  
YOU WANT – WE CAN

Мультимедиялық  
акустикалық жүйе 2.1

## ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



**MS – 308**

[www.sven.fi](http://www.sven.fi)

***SVEN SM акустикалық жүйесін сатып алғаныңыз үшін ризамыз!***

**АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

© 2014. SVEN PTE. LTD. 1.0 (V 1.0) нұсқасы.

Осы Нұсқау және соның ішіндегі ақпарат авторлық құқықпен қорғалған. Барлық құқықтар қорғалған.

**САУДА МАРКАЛАРЫ**

Барлық сауда маркалар олардың заңды иелерінің меншігі болып табылады.

**ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕ**

Нұсқаулық барынша дәл болу үшін барлық күш салынғанына қарамастан, кейбір сәйкес-сіздіктер болуы мүмкін. Осы Нұсқаулықтың ақпараты «дәл солай» шарттарында берілді. Автор мен баспагер, осы Нұсқаулықтағы ақпараттың кесірінен келтірілген зақым үшін біреудің немесе ұйымның алдында ешбір жауап бермейді.

**МАЗМҰНЫ**

<b>1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС</b> .....	<b>1</b>
<b>2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ</b> .....	<b>2</b>
<b>3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ</b> .....	<b>2</b>
<b>4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ</b> .....	<b>2</b>
<b>5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ</b> .....	<b>3</b>
<b>6. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ</b> .....	<b>4</b>
<b>7. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР</b> .....	<b>5</b>

**1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС**

- Бұйымды ақырын ашып, қораптың ішінде қандай да бір жабдықтар қалып қоймау үшін тексеріңіз. Құрылғыға зақым келмегенін тексеріңіз. Тасымалдау кезінде бұйымға зақым келтірілсе, жеткізетін фирмамен хабарласыңыз; бұйым жұмыс істемейтін болса, бірден сатушымен хабарласыңыз.
- Жиынтықтылық пен кепілдік талонның болуын тексеріңіз. Кепілдік талонда дүкеннің мөрі, сатушының анық қойылған қолы немесе дүкеннің мөртабаны және сатылған күні қойылғанын, тауардың нөмірі талонда көрсетілгенмен сәйкес келетініне көзіңізді жеткізіңіз. Есіңізде сақтаңыз, кепілдік талон жоғалып немесе нөмірлері сәйкес келмеген жағдайда Сіз кепілдік жөндеу жасау құқығыңыздан айырыласыз.
- Бұйымды температурасы төмен қоршаған ортадан кіргізгеннен кейін бірден қоспаңыз! Орауыштан алынған бұйымды бөлме температурасында 4 сағаттан кем емес уақыттай ұстау қажет.
- Бұйымды орнатып қолданудың алдында, осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығып, пайдалану мерзімі ішінде сақтаңыз.

***Техникалық қолдау [www.sven.fi](http://www.sven.fi) сайтында орналасқан.  
Осында Сіз осы Нұсқаулықтың жаңартылған нұсқауын таба аласыз.***

### 2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

- Сабвуфер – 1 дана
- Сателлиттер – 2 дана
- ДБ-дың сымды пульты – 1 дана
- Mini-jack mini-jack-тің сигналдық кабелі – 1 дана
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана
- Кепілдік талоны – 1 дана

### 3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



**Назар аударыңыз! Корпустың ішінде оқшаулауы жоқ элементтерінде, электр тоғы соғатындай кернеуі жоғары.**

- Электр тоғына ұшырамау үшін, акустикалық жүйені (АЖ) ашпаңыз және өз бетіңізбен жөнде-меніңіз. Қызмет көрсету мен жөндеуді тек уәкілетті сервис орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыру керек. Уәкілетті сервис орталықтардың тізімін [www.sven.fi](http://www.sven.fi) сайтынан қараңыз.
- АЖ-нің колонкалардың арасында, дыбыс зорайтқыштың корпусына және жерге сымдардың тұйықталуына жол бермеңіз (соның ішінде «жерлендірілген»), себебі дыбыс зорайтқыштың шығу каскадтары бұзылады.
- Желілік розеткадан штепсельдің айырын суырғаннан бастап 2 секундтай аппаратураның желілік айырының істіктерін ұстауға болмайды.
- Сақтандырғышты ауыстырған кезде АЖ желіден ажыратыңыз. Сол түрдегі және номинал-дағы сақтандырғыштарды қолданыңыз. Қолдан жасалған сақтандырғыштарын қолданбаңыз.
- АЖ-нің тесіктеріне басқа заттардың түсіп кетпеуінен сақтаңыз.
- АЖ-ні жоғары ылғалдан, су және шаң тигеннен сақтаңыз.
- АЖ-ні қызып кетуден сақтаңыз: қыздырғыш аспаптарға 1 м-ден жақын орнатпаңыз. Тіке күн сәулесінен аулақ ұстаңыз.
- АЖ-нде, сонымен қатар жүйенің жанына ашық жалынның ешқандай аспаптарын орнатпаңыз.
- АЖ-ні дұрыс желденбейтін жерде орнатпаңыз. Ең кішкентай ауа саңылауы – 10 см. АЖ-ні қолданған кезде оны қандай да бір құрылғыларға орнатпаңыз, суытуды қиындататын майлық немесе басқа да ұқсас нәрселермен жаппаңыз.
- АЖ-ні тазарту үшін химиялық реагенттерді қолданбаңыз, жұмсақ құрғақ матаны пайдаланыңыз.

### 4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ

SVEN MS-308 акустикалық жүйесі 2.1 (АЖ) әуенді шығаруға және ойындарды, фильмдерді және т.б. дыбыстандыруға арналған. АЖ-ң кіріктірме қуат күшейткішімен, колонкаларға кірік-тірілген акустикалық кабельмен жабдықталған, сол себепті кез келген дыбыс сигналдың көздеріне қосымша қуат күшейткішінсіз қосуға болады (MP3/CD-ойнатқыштарына, теледи-дарға, ДК және т.б.).

#### АЖ ерекшелігі


- Акустикалық жүйе PC, DVD/Media-ойнатқыштармен, ұялы телефондармен және басқа да дыбыс құрылғыларымен үйлесімді
- Дистанциялық басқарудың сымды пульты
- Сабвуфердің бүйірлі панеліндегі басқару тұтқалары
- Жалпы қаттылық деңгейінің реттеуіші
- Сабвуфердің дыбыс қаттылығы деңгейінің тәуелсіз реттеуіші
- Дистанциялық басқару пультінде құлаққап пен микрофон қосуға арналған ажыратулар

## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

# MS-308

### Бүйірлі панель / ДБ пульты

- ① VOL: жүйенің дыбыс қаттылығының реттеуіші
- ② BASS: сабвуфердің дыбыс қаттылығының реттеуіші
- ③ AUDIO INPUT: стереокіріс
- ④ Сателлиттерді қосуға арналған ажырату
- ⑤ POWER: қуат көзін қосатын түйме/қуат көзінің индикаторы
- ⑥ Қуат көзінің сымы
- ⑦ ДБ сымды пультінің кіріс ажыратуы
- ⑧ Құлаққапты қосуға арналған ажырату
- ⑨ Микрофон қосуға арналған ажырату
- ⑩ Дыбыс сигналын беруге арналған кабель (жасыл түс)
- ⑪ Микрофонның сигналын беруге арналған кабель (қара түс)
- ⑫ ДБ сымды пультындағы дыбыс қаттылығының реттеуіші



1-сурет. Бүйірлі басқару панелі

### 5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

#### АЖ орналасуы


- Сателлиттерді тыңдаушыға қарай симметриялық түрде бір метр қашықтықта орнатыңыз. Сабвуфер болады көрінген жерде тағайында.
- Аса сезгіш мониторлар мен теледидарлар сәл ғана қате көрсетуі мүмкін, сондықтан АЖ-ні осы аспаптардан барынша алысырақ орнатыңыз.

#### АЖ қосылуы


MS-308 акустикалық жүйесі кез келген дыбыс сигналдың көздеріне қосылуы мүмкін: MP3/CD-плеерлер, ДК, ноутбуктерге және т.б. (3-сур. қараңыз).

#### Назар аударыңыз! Қосар алдында жүйенің барлық компоненттері ажыратулы болу керек.

- Қауіпсіздік мақсатында қосар алдында, барлық құрылғылар желіден ажыратулы екеніне көз жеткізіңіз.
- Сабвуферді сателлиттерге жалғаңыз. Сымды басқару пультының мини-джегін компьютердің дыбыс картасының желілік кірісіне ⑩, ал екінші мини-джекті микрофон кірісіне ⑪ қосыңыз (2-сур.). Кейін сигналдық кабельдің екі ажыратуын сабвуфердегі ③ тиісті кіріс ажыратулармен жалғаңыз (1-сур.).
- Сигналдық кабельдің мини-джегін ДБ сымды пультінің ⑦ кіріс ажыратуы тығыңыз (2-сур.).
- Қуат көзінің кабелін ⑥ желілік розеткаға қосыңыз (1-сур.).
- Дыбыс қаттылығының реттеуіш тұтқаларын шамалы бұрап, сабвуфердегі қуат көзін қосыңыз.
- Жалпы дыбыс қаттылығының және сабвуфердің дыбыс қаттылығының деңгейін ретке келтіріңіз.



2-сурет. ДБ пульты



- Сонымен қатар, белсенді стереожүйеге шығуы mini-jack типті (MP3-плеер және т.б.) басқа сигнал көзіне қосылуыңызға болады. Ол үшін сигналдық кабельдің миниджегін, ДБ сымды пультысыз, тікелей сигнал көзіне қосыңыз.
- Сонымен бірге, құлақпап пен микрофонды, немесе гарнитураны тікелей ДБ пультына қоса аласыз.

### 6. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Жарамсыздық	Себебі	Жою жолы
АЖ қосылмайды.	Желіге қосылмаған.	Дұрыс қосылуын тексеріңіз.
	Желілік ажыратқыш қосылмаған.	Ажыратқышты қосыңыз.
Дыбысы жоқ.	Дыбыс қаттылықтың реттеуші барынша басулы.	Дыбыс қаттылықтың реттеушіні ретке келтіріңіз.
	Аудиосигнал көзі дұрыс қосылмаған.	Сигнал көздерін дұрыс қосыңыз.
АЖ-нің колонкаларынан дыбыс жай шығады.	Дыбыс қаттылықтың реттеуші барынша басулы.	Дыбыс қаттылығын ретке келтіріңіз.
Дыбыстың қате шығуы.	Кіріс дыбыстың үлкен амплитудасы.	Сигнал көздерінде және АЖ-нде дыбыс қаттылықтың реттеуіштері-мен кіріс сигналдың көлемін азайтыңыз.

Жоғарыда аталған жолдардың біреуі де мәселені шешпесе, жақын жердегі сервис-орталығына кәсіптік кеңес алу үшін хабарласыңыз. Бұйымды өз бетімен жөндемеңіз.

## 7. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Сипаттамалар және өлшем бірліктері	Мәні
Шығу қуаты (RMS), Вт: сабвуфердің сателлиттердің	35 (13 + 2 × 11) 13 2 × 11
Жиілік диапазоны, Гц	50 – 200 (саб.), 200 – 20 000 (сат.)
Динамиктер диаметрі, мм: сабвуфердің сателлиттердің	Ø 100 Ø 100 (кең жолақты)
Қуат көзінің кернеуі, В/Гц	~220/50
Өлшемдері, мм: сабвуфердің сателлиттердің (бір колонканың)	190 × 210 × 210 128 × 127 × 89
Салмағы, кг	2,6

### Ескертулер:

- Кестеде келтірілген техникалық сипаттамалар, анықтамалар наразы білдіру үшін негізі болып табылмайды.
- SVEN сауда маркасының өнімдері үнемі жетілдіріледі. Сол себептен техникалық сипаттамаар және жиынтықтылық алдын ала ескертілмей өзгеруі мүмкін.

## Мультимедиялық акустикалық жүйе 2.1

**SVEN**®  
YOU WANT – WE CAN



Үлгі: **MS-308**

Импортерлер СМ SVEN Қазақстан республикасында:

«ST Networks» ЖШС, Қазақстан Республикасы,  
050013, Алматы, Республика алаңы, Фурманов  
көшесінің бұрылысы, уй 13/195, 13Б кеңсе,  
тел: +7 (727) 266 36 13, e-mail: info@stn.kz.

«Alon Logistics» ЖШС, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117.

Сапа жөніндегі талап-тілектерді Қазақстан  
Республикасы аумағында «О-Си-Эс Казахстан»  
ЖШС-гі қабылдайды. Мекенжай: Қазақстан  
Республикасы, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117,  
тел.: +7 (727) 352-86-68, e-mail: kz@ocs.ru.

Өндіруші: «СВЕН ПТЕ. Лимитед», 176 Джу Чиат Роуд,  
№ 02-02, Сингапур, 427447. «Свен Скандинавия  
Лимитед» бақылауымен өндірілді, 48310,  
Финляндия, Котка, Котolahdentie, 15.

Manufacturer: SVEN PTE. LTD, 176 Joo Chiat Road,  
№ 02-02, Singapore, 427447. Produced under the  
control of Oy Sven Scandinavia Ltd. 15, Kotolahdentie,  
Kotka, Finland, 48310. Made in China.

© Registered Trademark of Oy SVEN  
Scandinavia Ltd. Finland.

**MS-308**